

Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез.

Абай

ҚҰРЫШ

ҚАЛА KZ

khurysh_khala_KZ@mail.ru

Теміртау қалалық әлеуметтік-ақпараттық газет 16 қазан жұма 2015 жыл № 39 - 40 (42)

Көшеде қаздай тізілген қателер



Металлургтер қаласы-Теміртау жылдан жылға өсіп, өркендеп, қанатын кеңге жайып келеді. Жуырда ғана 70 жылдығын атап өткен бұл ежелгі шаһарда қазір тұрғын үйлермен бірге ірі-ірі кәсіпорындар, сондай-ақ халыққа қызмет көрсететін шағын және орта бизнес нысандары жетіп артылады.



Қала тазалығы - оқушылар назарында

2 - бет




Қалпына келтірілуде

Қаламыздың жетпісінші орамында көпқабатты төрт үй көптен бері есік-терезесі аңғал-саңғал күйде тұрған еді. Таяу уақыттан бері солардың біреуіне жан бітіп, жөндеу жұмыстары жүргізіле бастады. Сексенінші жылдары „Қарметкомибнат,, салған бұл отбасылық жатақханалар жыл соңына дейін 80 отбасыға жаңа баспана болмақ.

4 - бет



5 - бет



- Біздің мұндағы басты мақсатымыз-ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін білім алу салымдарын ашу болып табылады. Партия мүшелері қалалық білім беру бөлімінің мамандарымен бірлесіп, бірнеше балаларды таңдап, оларға акция туралы айтып түсіндіруді жөн деп тапты. Сөйтіп, шаһардың қалталы кәсіпкерлері мен депутаттар жетім балалардың атынан салым ашып, оған қаражат құятын болады, бұл олардың болашақта білім алулары үшін жасалатын жағдай,- дейді Теміртау қалалық „Нұр Отан„ партиясы филиалы төрағасының орынбасары Талғат Ақышев.

Мұндай қаржылай қолдауды сезінген балалардың қамқоршылары өз кезектерінде алғыстарын айтуда. Солардың қатарында бесінші сынып оқушысы София Суданованың қорқоршысы Ирина Суданова да бар.

- Әрине, бұдан былай да сабақты жақсы оқуға Софияның күш салып, сенім үдесінен шығуға тырысатынына сенімім



«Нұр Отан» партиясында

Осы жоба аясында қаламыздағы „Нұр Отан„ партиясының филиалы „Болашаққа саламыз„ атты акцияны жүзеге асыруға кірісті.

«Бақытты балалық» жобасы қолданыста



мол. Болашақта жоғары білім алуына жол ашылып отыр, сондықтар барша депутаттар мен партия төрағасына айтар алғысым шексіз,- дейді И.Суданова.

Жыл өткен сайын салымдардың көлеміде толығы түсуде. Мысалы, әрбір салымға банктің жыл сайынғы он пайыз мөлшеріндегі сыйақысы қосылатын болады. Ал сол жиналған жалпы суммаға мемлекет 5-тен 7 пайызға дейін қосымша қосады. Осылайша, әрбір ата-ананың қамқорлығынсыз қалған баланың

болашақта жоғары білім алуы үшін осы бастан қаржы жиналады. Бүгінде бұл акция аясында екінші және алтыншы сыныптарда оқитын сегіз бүлдіршін қамтылып отыр.

- Әрине, бір мезетте барлық баланы қамту мүмкін емес, сондықтан біз бірінші кезекте сабақ үлгерімі жақсы, қоғамдық өмірге белсене араласатын, спортпен айналысатын балаларды таңдадық. Бұл акция алдағы уақытта да жалғасатын болады,-дейді Талғат Ақышев.

Өз тілшімізден



Акция



Қала тазалығы - оқушылар назарында

Біздің металлургтер шаһары үшін бүгінгі күннің ең өзекті мәселесі-экология десек, артық айтқандай емес. Комбинаттан шығатын түтінді былай қойғанда кәдімді тұрмыстық қалдықтардың да қоршаған ортаға тигізетін зияны аса көп екен. Сол қоқыстардан бөлінетін химиялық улы да зиянды қоспалар табиғатқа да, тұрғындарға да көп мөлшерде жағымсыз әсерін тигізеді. Осыны ұғынған қаламыздағы экологиялық білім ошағы саналатын №16 орта мектеп оқушылары қала көшелеріне шығып, қоқыс қораптарын киіп, тұрғындарға ой салуды мақсат тұтты.

- Бұл өзгеше шеру тұрғындарға ой салары анық. Балалар жан-дануарлар кейпіне еніп, түрлі дыбыстар шығарып, қоқыс қалдықтарының зиянын ұғындырады. Осылайша, „Қоқысты азайтайық„ деген ұранмен акция өткізе отырып, көшедегі тұрғындарға буклеттер таратады, сауалнама жүргізіп, экологиялық жағдай туралы сараптама жасайды,- дейді акцияны ұйымдастырушылар.

- Соңғы кездері қаламыздың тазалығына ерекше көңіл бөліне бастады, бұл құптарлық іс. Дегенмен, экология мәселесі бір күннің еншісінде емес, ол үнемі жалғасын табуы тиіс. Қаламызда қоқыстар үшін түрлі-түсті контейнерлер пайда болды, енді тасталған қоқыстар сұрыпталатын болады. Бұл жөнінде тұрғындардың толыққанды мағлұматы жоқ. Сондықтан біз осындай акция арқылы жұртшылықты ақпараттандыра отырып, қоршаған ортаны ластамауға шақырамыз,-дейді №16 орта мектептің мұғалімі, „Отражение„ қоғамдық бірлестігінің төрайымы Елена Варганова.



Жол жөндеу

Сапалы жол әрбір қаланың басты проблемасы, бізде де солай. Жыл сайын қала ішілік жолдарды жөндеуге миллиондаған теңге қаражат бөлініп келеді. Биыл Теміртауда жолды орташа жөндеуге республикадан 165 млн. теңге, ал қалалық бюджеттен 85 млн. теңге бөлініп, ол игерілді. Қыркүйек айында өткен қалалық мәслихат сессиясында депутаттар бюджеттің артық-ауыс ақшасының есебінен жолдарды жөндеуге тағы да 11 млн. теңге қаражат бөлді. Өйткені қала ішінде жөнделуге тиісті жолдардың көлемі тым көп, кейінгі жылдары жөндеудің сапасы да сын көтермейтін деңгейде, қыс бітіп, қар ерісімен жолдар ойылып, көлік жүруге келмей жатады. Сондықтан бұл өзекті мәселеге биыл республикадан бөлінген қаражат есебінен қаланың шығыс бөлігіндегі Фурманов, Жеңіс көшелері және Құрылысшылар даңғылының бойындағы жолдар жөнделді. Теміртаулықтар „Ритм„ ЖШС жолшыларының жұмысты сапалы атқаратынына биылғы Жеңіс көшесі жөнделгеннен кейін анық көз жеткізген. Дегенмен қазір тендер шарты өзгерді, ол енді облыста жүргізіледі. Мұндағы басты шарт белгіленген бағаның төмендігі.

- Біз жолдың сапасын үнемі назарда ұстаймыз, Фурманов көшесі бойындағы жолдың жөнделуіне біршама ескертулер болды, оны дер кезінде ретке келтірудің сәті түсті. Қазір жолдардың сапасын облыстық мамандандырылған зертхана бақылап отырады. Әрбір жөндеуші өзі атқарған жұмысқа үш



Кезегін күткен жолдар көп

жылға кепілдік береді, сондықтан жол сапасы жоғары және бұзылған жағдайда жөнделеді, - дейді тұрғын үй коммуналдық шаруашылығының басшысы Т.Акулова.

Биыл Аманжолов көшесі, Чернышевский көшесінің бір бөлігі, балалар ауруханасына, №3, №16 мектептерге және Қыздар гимназиясына баратын жолдар жөнделді. Чернышевский көшесі бойының Бейбітшілік даңғылынан Димитров көшесіне дейінгі аралығының жөнделуі тұрғындар үшін қуанышты болды, өйткені бұл жол мүлдем ойылып, жарамсыздыққа жеткен болатын.

Аталған жолды жөндеу біраз уақытқа созылғанымен қазір тақтайдай тегіс жолдармен көліктер жүйткіп жүр. Бұл енді жолаушылар үшін де тиімді. Мамандар жол жөндеушілердің халықтың ұсыныс-ескертпелерін дер кезінде ретке келтіргенін айтуда.

Үстіміздегі жылы орамшілік, ауладағы жолдардың да бірқатары жөнделді. Қаланың орталық бөлігінде бұл іспен екі фирма айналысты. Бас-аяғы 84 млн. 989 мың теңге жұмсалған, бұл жөндеу жұмыстарының сапасын алдағы көктем көрсететін болады, өйткені бұл қаражат әуел баста белгіленгеннің тек жартысы

ғана. Сондықтан ақша үнемдеп, әрі сапалы жолды іске қосу фирма үшін үлкен абырой. Қыркүйек айында бөлінген бюджет қаражаты ішкі орамдағы жолдарды ағымдағы жөндеуге жұмсалды. Соның нәтижесінде Металлургтер даңғылының 7-17/1, Республика даңғылының 12-53/3, 3 „А„ шағын аудандағы 15,17, Комсомол даңғылындағы 47 және Бейбітшілік даңғылының 72-76 үйлері маңайы толық асфальтталды. Бұл ретте тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы бөлімінің мамандары биыл жол жөндеу бойынша атқарылған жұмыстардың аса ауқымдылығын тілге тиек етуде. Қазан айының ортасына дейін әлі де Республика даңғылы бойындағы №27-29 үйлердің маңайы жөнделуі керек. Осы маңайдағы канализация құбырларының үнемі ағуынан жолдар тез бұзылады, сондықтан келешекте қаржы бөлінген жағдайда осы аймақтардағы жолды жөндеу қажеттігі туындап отыр.

Жол жөндеу үздіксіз процесс, қазір алдағы жылы атқарылатын іс көлемі тиянақталуда. Келер жылы оң жағалаудың бес көшесі бойындағы жолдарды жөндеу үшін жобалық-сметалық құжаттар дайындалуда. Сондай-ақ ескі қаладағы жөндеу жұмыстарын аяқтау, Республика даңғылынан завод, Қарағанды тас жолы көшесіне дейінгі аралық та өз кезегін күтуде. Жолдарды жөндеуге байланысты кейбір дайындалған құжаттардың мерзімі өтіп кетті, енді оларды қайта жасау міндеті тұр. Міне, осылайша қаламызда көлік жолдарына ерекше мән беріліп, жыл сайын миллиондаған теңге қаражат жұмсалып келеді.

Серікгүл АЛТАЙБАЕВА



Мемлекеттік қызмет

Өмірбаян деректері

Аты-жөні - Бексұлтанов Тимур Қайратұлы.

Туған жері - Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданының Жаңаталап ауылы.

Білімі - жоғары, Орталық-Қазақстан „Фемида„ заң академиясын бітірген.

Қызметі - 2007 жылдан Теміртау қалалық Әділет басқармасында қатардағы маманнан басқарма бастығының орынбасарына дейінгі жолдан өткен. Қазір басқарма басшысының міндетін атқарады.

Отбасылық жағдайы - бойдақ.

Марапаты - Теміртау қаласы әкімінің грамотасы.



- Тимур Қайратұлы, Теміртау қалалық Әділет басқармасы мемлекеттік мекемесінің негізгі қызметтік міндеттері қандай?

- Әділет басқармасы деп атынан көрініп тұрғандай, біз облыстық Әділет департаменті белгілеген негізгі ережелерді, Қазақстан Республикасының Конституциясын және еліміздің Әділет органдары туралы заңын басшылыққа ала отырып, барлық нормативтік-құқықтық актілер бойынша жұмыс істейміз. Негізгі бағыт кәсіпкерлік үшін заңды тұлғаларды және жеке, заңды тұлғалардың жылжымайтын мүлікке құқықтарын тіркеуді жүзеге асыру. Бұған дейін Әділет басқармасына адамдардың хал-актілерін тіркеу бөлімі қараған болатын, еліміздегі құрылымдық өзгерістерге орай ол мекеме қала әкімдігінің құзырына берілді. Басқармада он екі адам жұмыс істейді, бәрі жоғары білімді заңгерлер. Сондықтан да біздің барлық құжаттарымыз еліміздегі қолданыстағы заңдар аясында жасалып, келушілер және тиісті қадағалаушы органдар тарапынан ешбір заңсыз әрекеттер анықталған емес.

- Әділет басқармасы қалада өтетін жемқорлыққа қарсы күрес шараларына бастамашы болып, белсене қатысатынын көріп жүрміз. Енді осы тақырыпта бөлек-жара әңгімелеп берсеңіз?

- Сыбайлас жемқорлықпен күрес, оның алдын алу, себептері мен салдарын жою-бұл еліміздегі Әділет саласы мамандарының бірінші кезектегі міндеті десек артық емес. Өйткені қолданыстағы заңдардың


мүлтіксіз орындалуына кедергі болатын осындай жағымсыз әрекеттер жалпы мемлекеттің мүддесіне, елдің қауіпсіздігіне, әрбір адамның Конституцияда белгіленген құқықтарына кедергі келтіретін жегі құрт дегенді жиі айтып жүрміз. Сондықтан біз жыл басынан бері осы тақырыпта бірнеше рет басқосулар ұйымдастырдық. Атап айтар болсам, ақпан айында „Нұр Отан„ партиясы филиалымен бірлесіп дөңгелек үстел, ал наурыз айында халыққа қызмет көрсету орталығы қызметкерлерімен семинар, одан кейін Теміртау қалалық прокурорының көмекшісі Д.Шаматаевпен бірлесіп, дөңгелек үстел басындағы кездесу өткіздік. Шын мәнінде сыбайлас жемқорлық бұл біздің қоғам үшін өте қауіпті кесел, сондықтан қарапайым халықтың өзі жең ұшынан жалғасу, таныстық, жерлестік әрекеттеріне тосқауыл қоюы тиіс. Ал мемлекеттік қызметшілер үшін бұл ең басты парыз. Соңғы жылдары біздің қаламызда сыбайлас жемқорлық көріністерінің және оның анықталған фактілерінің азаюы осы бағыттағы мемлекеттік ұйымдардың бірлесе жүргізіп жатқан жұмысының жемісі деуге болады. Сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу үшін ел арасында құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізудің және халықтың заң баптарын жетік білуінің, өз құқықтарын қорғай білуінің маңызы зор.

- Тимур Қайратұлы, тұрғындардың арасында құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізу де Әділет басқармасы мамандарының маңызды міндеттерінің бірі екені белгілі. Енді осы бағыттағы жұмыстар жөнінде әңгімелеп берсеңіз?

- Иә, Әділет басқармасының сан-салалы жұмысының бірі тұрғындармен бірлесе еліміздің қолданыстағы заңдарының қазіргі талап деңгейінде іске асуын қамтамасыз ету болып табылады. Бұл ретте биылғы тоғыз айда бізде бірқатар ауқымды істер атқарылды. Үстіміздегі жылы ҚР Президенті Н.Назарбаевтың „Нұрлы жол-болашаққа бастар жол„ атты Жолдауы жарияланды. Қазіргі заманғы мемлекет құрудың нақты 100 қадамы анықталды. Міне, осы құжаттарды басшылыққа ала отырып, заңның үстемдігін қамтамасыз ету, есеп беретін мемлекетті қалыптастыру мақсатында үнемі құқықтық түсіндіру, оқыту семинарларын, жиындарын өткізіп келеміз. Елбасының Жолдауын насихаттау мақсатында халыққа қымат көрсету орталығында дөңгелек үстел өткіздік, онда осы құжаттың негізгі идеясына айналған

„Мәңгілік елді„ басты бағдар етіп, Тәуелсіздігіміздің даму даңғылын нұрлы жолға айналдыру идеясын сөз еттік. Өткені Мәңгілік ел ғана біздің көп ұлтты елімізді біріктіруші және таусылмас қуат көзі болып есептеледі. Сондай-ақ „Қазақстан-2050„ Стратегиясын жүзеге асыру арқылы әлемдегі отыз алдыңғы қатарлы елдің санатына ену де осы құқықтық негізде жүзеге асатынын дәріптеп, насихаттап келеміз.

- Үстіміздегі жылдың өткен тоғыз айында сіздерге түскен кіріс құжаттарының ба-сым көбі, ал шығыс құжаттарының барлығы, яғни 9227 құжат толықтай жүз пайыз мемлекеттік тілде жазылған. Бұл Әділет басқармасы қызметкерлерінің мемлекеттік тілге жетіктігін және жанашырлығын көрсететін фактор емес пе?




қадағалап отырамыз.

- Тимур Қайратұлы, биылғы жыл бірнеше мерейтойлар аталып өткен мерекеге толы жыл. Осыған орай өзіңіз басқарып отырған мекеме де бірқатар шаралар өткізгенін білеміз.

- Иә, ҚР Конституциясының, Қазақстан халқы Ассамблеясының - 20, Ұлы Жеңістің -70 жылдығы мерейтойларына орай біз „Әділет кеңес береді„ акциясын қолға алып, қаланың аз қамтылған отбасыларына қайырымдылық шараларын көрсеттік, тегін құқықтық кеңес берілді. Сондай-ақ қалада өтіп жататын түрлі шараларға белсенді түрде атсалысымыз. Қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар, Жастармен жұмыс орталығымен бірлесіп, ақпараттық-насихаттық топтың құрамында біздің қызметкерлер жұмыс істейді. Сондай-ақ зияткерлік, авторлық және сабақтас құқықты қорғау, жылжымайтын мүліктерді тіркеу, түрлі қызметтер бойынша лицензия алу мәселелері бойынша түсіндіру, насихат жұмыстары да біздің та-рапымыздан атқарылуда. Бұл ретте соңғы уақытта іске асырылған электронды тіркеу әдісінің жұртшылыққа өте тиімді болғанын атап айтқым келеді. Қазір үйден шықпай-ақ интернет арқылы осындай қызмет түрлерін пайдалануға болады. Мекеме басшысы және мамандар әр апта сайын жұртшылықты қабылдау күндерін өткізеді, сонымен қатар басқармада 98-66-88 сенім телефоны жұмыс істейді. Газет оқырмандары өздерінің күнделікті тұрмысында құқық мәселелері және Әділет басқармасына қатысты сұрақтар туындаса, өздерінің сауалдарына жауаптар ала алады. Біздің жұмысымыз әрдайым ашық және қолжетімді.

- Әңгімеңізге рахмет.

**Сұхбаттасқан
Серікгүл АЛТАЙБАЕВА**



Қамқорлық

Жақында ғана аталып өткен қаламыздың 70 жылдығына және мүгедектер күніне орай мүмкіндігі шектеулі жандарға, оның ішінде балаларға арналған іс-шара мәдениет сарайында болып өтті.

Бар жақсылық балаларға



Қаланың еңбекпен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі бұл ретте бірталай ізгілікті істерді атқарып келеді. Ал бұл жоба осымен үшінші жыл өткізіліп, дәстүрге айналды десек те болады. Сонымен, қалалық мәдениет сарайына жиналғандардың қарасы көп болды, баршасы үлкен сахнаға назар аударып, мүмкіндігі шектеулі балалардың мерекесін қызықтауға асыққандай. Қатарластарынан қалмай, шамалары жеткенше, ән салып би билеуге, түрлі-түсті сахналық киімдер киюге деген ынтық көңілдері алып-ұшқан балалардың жанында аналары да толқып жүр.

Сахна шымылдығы сырғып ашылып, концерттік бағдарлама

басталды. Мүмкіндігі шектеулі қырық бала ата-аналарымен бірге сахнаға шығып, өз өнерлерін көрсетті. Олардың арасында есту, көру қабілеттері нашар балалар, сонымен қатар сал ауруына шалдыққандар мен Дауна синдромымен ауыратындар да бар. Оларға арнайы дайындалған сыйлықтар үлестірілгенде бала көңілдері алып-ұшып, қуанып қалды.

- Мұндай концерт өткізу барысында біз мүмкіндігі шектеулі бүлдіршіндердің қандай да бір қиындықты еңсеріп, өздерін сахна төрінен көрсету деңгейіне жеткеніне куә болып отырмыз. Сонымен қатар мемлекет ешқашан мүмкіндігі шектеулі

балаларды оларды ата-аналарымен ұмыт қалдырмайтынының да бұл бір көрінісі. Бұл жобаның алғашқы жылында бар болғаны он екі баланы қамтисақ, екінші жылында 15 бала, ал биыл 40 бала қамтылып отыр. Бұл іс-шараға қала бюджетінен қаржы бөлінді, алдағы жылы саны тағы да артуы әбден мүмкін, - дейді бізбен болған әңгімесінде дефектолог маман Мария Мавлеева.

Қаламыздағы „Менің үйім„ қоғамдық бірлестігі талай қайырымдылық шараларын өткізіп, мүмкіндігі шектеулі жандар мен күнделікті тұрмысында күйеулерінен қысым мен зорлық көрген келіншектерге, ВИЧ жұқпасын жұқтырғандармен

етене араласып, олардың проблемаларының оң шешімін табуына, емделулері мен құқықтық сауаттарының артуына мұрындық болып келеді. Ал бұл жоба аясында мүмкіндігі шектеулі балаларды қамтып, әлеуметтік көмек көрсетуді көздеген. Қала деңгейіндегі шараға билік қолұшын созып, қаржыландырыпты. Бұл күні мүмкіндігі шектеулі қырық баламен дефектолог, логопед, психолог сынды мамандар да жұмыс жүргізіп, олардың сахнада ән салып, би билеулеріне көмектесті. Тіпті балалардың тамақтану барысында ыдыс-аяқты пайдалануы, секілді олар үшін аса қиынға соғатын қимыл-қозғалыстарды

игеруі үшін де мамандар талай тер төккен. Сондықтан мұндай жобалардың негізгі мақсаты, мүмкіндігі шектеулі бүлдіршіндердің өз беттерінше қимыл-қозғалыс жасап, тұрмыс-тіршілікке, мектепке бейімделуіне әлеуметтік көмек көрсету және ата-аналарымен қарым-қатынастарын нығайту.

Концерттік бағдарлама жоғары деңгейде өтіп, қала бюджетінен бөлінген қаражатқа алынған сыйлықтар, яғни планшеттер мен ой-өрісін дамытатын ойыншықтар мен конструкторлар тапсырылды.

Өз тілшімізден



Тұрғын үй

Қаламыздың жетпісінші орамында көпқабатты төрт үй көптен бері есік-терезесі аңғал-саңғал күйде тұрған еді. Таяу уақыттан бері солардың біреуіне жан бітіп, жөндеу жұмыстары жүргізіле бастады. Сексенінші жылдары „Қарметкомбинат„ салған бұл отбасылық жатақханалар жыл соңына дейін 80 отбасыға жаңа баспана болмақ.

шаршы метрлік сарайларды жабдықтау көзделген. Ғимаратқа қазіргі заманғы лифтілер орнатылады, үйдің айналасы абаттандырылып, тас жолдар төселді. Өзірге бұл үйдің жалға берілетіні немесе сатылатыны жөнінде нақты шешім жоқ. Өйткені қазіргі тұрғын үй бағасының түсуіне орай сатып алушылар көп

Қалпына келтірілуде

„Мартенстрой„ ЖШС жуырда осы бос тұрған үйдің біреуін жөндеуді қолға алды, қазірдің өзінде оның бұрынғы сұрғыл өңі көгілдір-сары түске боялып, алыстан көз тартып тұр.

- Бұл ғимарат қаланың тұрғын үй қорына тиесілі, көп жыл бос тұрғандықтан мамандандырылған кәсіпорын оның жарамдылығын сараптамадан өткізді. Балкондар мен төбе шатыры жөнінде аз-кем ескерту болғанына қарамастан, үйдің жалпы қаңқасы зардап шекпеген. Яғни тұрғын үй болуға әбден лайық, сондықтан біз оны жөндеуді қолға алдық, - дейді „Мартенстрой„ ЖШС өкілі.

Жөндеу жұмыстары біткенде мұнда 80 бір, екі және үш бөлмелік пәтерлер пайдалануға беріледі. Қазір мұнда жаңадан терезелер орнатылып, бетон қабырғалардың арасы бекітіліп, едендері құйылуда, коммуникация сымдары жүргізіліп жатыр. Құрылысшылар жұмысқа аса сапалы құралдарды қолдануда, мәселен, пластик



құбырлар 25 атмосфералық қысымды көтеретін бұйымдар. Жатақхана болғандықтан бұрын бұл ғимаратта балкон болмаған, жаңадан балкон орнату тиімсіз, өйткені оның әрқайсысы екі мың долларға түседі, сондықтан тұрғындардың пәтер үшін аса қымбат қаражат төлеуге мүмкіндігі жоқтығын ескеріп, „өзірге балкон салудан бас тартып отырмыз„ дейді құрылысшылар. Оның есесіне үйдің жертөлесінен 9-10

бола қоймас деген болжам бар. Ал қала билігі бұл үйді кезекте тұрғандар үшін сатып алуға мүдделі, бірақ бюджетте қазір ақша жоқ.

Міне, 70 орамдағы бос үйлер де өзінің жаңа қонысын тойлауға дайындық үстінде, дегенмен мұндағы №15 және №16 үйлердің қашан жөнделетіні өзірге белгісіз. Бұл енді келешектегі сұранымға тікелей байланысты шешілетін мәселе.

Өз тілшімізден



Қазақ хандығына 550 жыл

Биыл халқымыз Қазақ хандығының 550 жылдығын тойлап, рухы көтеріліп қалды. Жуырда Тараз қаласында осы мерейтойға арналған үлкен бір елдік салтанаттың куәсі болып оралдым. Бұл шын мәнінде халқымыздың ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан тамаша салт-дәстүрінің, ұлттық үрдісінің, әдет-ғұрпының көрінісі болды. Бұған дейін Қазақстан халқы Ассамблеясының ұйымдастыруымен „Ұлы дала елі„ атты республикалық тарихи-мәдени экспедициясы бүкіл елімізді үш бағытта аралаған еді. Соның бірі біздің Орталық Қазақстан, Сарыарқа төңірегіндегі бес облысты басып өтті. Сол экспедиция құрамында мен облысымыздағы Ақтоғай ауылында Кенесары ханның әскер басшысы болған Ағыбай батырдың туған жерімен таныстым. Бұл аймақ Әлихан Бөкейханов есімімен де байланысты. Біздің қазақ жерінің тарихи қорымдарға, түрлі ескерткіштерге бай екеніне осы жолы тағы бір рет көз жеткіздім. Беказы қорымында Мысырдағы пирамидалар сияқты алып тастармен қоршалған жерлер бар. Мұны кезінде Әлкей Марғұлан зерттеп „Беказы Дөңдібай„ ескерткіші ғылыми еңбегін жазған еді. Табиғаты тамаша аймақтың бірі — Қызыларай. Ондағы екі қабатты үңгірдің төбесінде тасқа қашалып жазылған петроглифтер өлі күнге дейін сақталған. Ғалымдар мұны жеті мың жыл бұрынғы жұмыс деп бағалайды. Ал таудың жоғары жағында таққа ұқсас тас орындық тұр. Экспедиция атбасын тірегі Балқаш жері де байырғы тарихқа бай өлке. Мұнда ежелден мыс қорытылған. Экспедиция одан әрі сұлу Меркі жерін аралап, Таразға табан тіреді. Мұнда осы мерейтой қарсаңында ашылған Керей мен Жәнібек хандардың монументін тамашаладық, оны Елбасымыздың өзі келіп лентасын қиды. Ашық аспан астындағы музей сырттан келген қонақтардың да, жалпы осы тойға қатысушылардың бәрінің де үлкен таңданысын туғызды. Қазақ елі тарихи көрмесінде ата-бабаларымыздың ертеде қолданған тұрмыстық заттарын, жалпы халқымыздың өсу-өркендеу жолын көрсететін жәдігерлерді тамашаладық. Тойдағы бәйге, айтыс, мототеру, концерт, қойылымдар ерекше тартымды болды. Тағы бір айта кетерім, елді аралаған экспедицияның жұмыс қорытындысы ретінде осы аттас халықаралық форум өтіп, онда еліміздің танымал ғалымдары М.Жолдасбеков, М.Әуезов, К.Байпақов, Б.Аяған және тағы басқалары, сондай-ақ шетелдік тарихшылар баяндама жасап, бұрын-соңды естілмеген тың деректерді де ортаға салды.

Жалпы Қазақ хандығының 550 жылдығы Таразда тамаша той болып, көптің көңілінен шықты.

Асылхан ӘШІМХАНОВ,
Кенесары ханның бесінші ұрпағы,
қала тұрғыны

Таразда тамаша той болды




Айлық өтіп жатыр

Металлургтер қаласы-Теміртау жылдан жылға өсіп, өркендеп, қанатын кеңге жайып келеді. Жуырда ғана 70 жылдығын атап өткен бұл ежелгі шаһарда қазір тұрғын үйлермен бірге ірі-ірі кәсіпорындар, сондай-ақ халыққа қызмет көрсететін шағын және орта бизнес нысандары жетіп артылады.

Статистикалық дерек бойынша қаламызда жеті мыңнан аса түрлі сауда, мәденеит, спорт орындары жұмыс істейді. Әрине, дәстүр бойынша бәрінің де маңдайшасына аты-жөні, қызмет түрлері, жұмыс кестесі жазылып, тіпті тұрғындарды ақпараттандыратын түрлі жарнамалар да жиі ілінеді. Мұның бәрі де әрине, халықтың игілігіне, елдің мүддесін қамтамасыз етуге деген ынта-ықыластан туған нәрселер. Дегенмен, бұл жерде біздің айтпағымыз, қала көшелерінде сол жазбалардың қазақша мәтіндері грамматикалық, орфографиялық қателерге толы болатындығы. Бұл жөнінде қалалық „Құрыш қала KZ“, газеті үнемі жазып та, қателердің суреттерін де беріп жүрміз, одан жөнделетіндері некен-саяқ. Бұл іспен мәдениет және тілдерді

қойылатыны белгілі. Ал кейбір қызмет көрсету орындарының басшылары бұған мән бермеген. Мысалы, „Дали“, сән салонында және „Белый ветер“, сауда үйінде маңдайшаларындағы бірнеше әріптің түсіп қалғанына талай уақыт болған. «Тілге деген көзқарас шындап келгенде елге деген көзқарас» деп Елбасы Н.Назарбаевтың бірнеше рет қадап айтқанына қарамастан, кейбір сауда орындарының иелері, сатушылар „орысшаны елдің бәрі түсінеді, қазақша қайталаудың қажеті



50-ден 70-ке дейін, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері мен коммерциялық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға 100-ден 200-ге дейін, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға 200-ден 400-ге дейінгі АЕК айыппұл салынады. Ал бұл шын мәнінде аз ақша емес, өте қомақты қаржы. Сондықтан мемлекеттік

Көшеде қаздай тізілген қателер

едік, тіпті суреттері де жарияланған. Бірақ олар әлі күнге дейін сол өзгеріссіз күйінде қалып отыр. Мәселен, жоғарыда аталған даңғылдар бойында күн сайын олай-бұлай жүретін

не, деген пікірде. Мұның өзі олардың ҚР „Тіл туралы“, Заңнан бейхабар екендігін көрсетеді. Мәселен, Металлургтер даңғылы бойындағы „Делюкс“, шаштаразының қызметкерлері тексере

„Қазақ тілі мәдениеттің бір бөлігі ретінде барлық қазақстандықтарды біріктірудің қосымша факторы болуға тиіс. Ол барлық ұлттар мен ұлыстарға қазақ халқының мәдениетін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тұрмыс-тіршілігін танып білудің негізі болып табылады. Оны оқып-үйрену мәжбүр ету арқылы емес, саналы түрде, жұрттың барлығы үшін бала жастан басталуы, ұйымдық және әдістемелік жағынан қамтамасыз етілуі тиіс. Және де мұнда тұратын әрбір адам осындай көзқарастың қажеттілігін айқын түсінуі керек,,.

Н.НАЗАРБАЕВ



дамыту бөлімі де айналысуға мүдделі. Соған орай биылғы 2015 жылдың 28 қыркүйек пен 28 қазан аралығында „Көркем ақпарат пен жарнамаға – сауаттылық, деген тақырыппен тексеріс рейдтерін өткізу белгіленген еді. Облыста бастау алған бұл шараға біздің Теміртау қаласынның тиісті бөлімі де қызу қолдау білдіріп, арнайы комиссия құрылып, іске кірісті. Комиссияның назарына тек қателер ғана емес, сонымен бірге ҚР-дағы «Тілдер туралы» заңның 21 бабында көрсетілгендей көрнекі ақпараттың мәтінінің жазылу тәртібі де ілікті. Құрамында тіл мамандары бар бұл комиссия бірнеше күн бойы қаланың Комсомол, Металлургтер, Республика даңғылдарының бойын аралап, әрбір жазуға жігі қарап, еліміздегі қолданыстағы заңның талаптарына сәйкестігін мұқият тексерді. Жүзден аса нысанды байқаған кезде негізінен қазақша жазулардағы грамматикалық қателермен қоса тіл туралы заңдағы екі тілділік талабының орындалмай-тыны байқалды. Мәселен, заң бойынша көрнекі ақпараттың барлық мәтіні мемлекеттік тілде — сол жағына немесе жоғарғы жағына, орыс тілінде оң жағына немесе төменгі жағына орнала-сады. Әріп өлшемдері бірдей болуы керек, Қажеттігіне қарай көрнекі ақпарат қосымша басқа да тілдерге аударылуы мүмкін, бұл жағдайда да қолданылған әріп өлшемі нормативтік-құқықтық акттерде белгіленген талаптарға сай болуы тиіс. Ал еліміздегі „Жарна-ма туралы“, заң бойынша жарнама ақпараты тұтынушыға қазақ және орыс тілдерінде рәсімделіп, әріптері анық, әрі мәлімет орналастырылған нысан ұқыпты, таза болуы қажет. Осы талаптардың орындалуы көңіл көншітпейді. Комсомол даңғылындағы бірнеше сауда орындарындағы қателер жөнінде біз бұдан бұрын да жазған



тұрғындар дүңіршек, сауда-асатық, шашық, бұйындар, үзіліссыз, мекен-жаймыз, авган, Камунаров, шабар, фильтлер, ноутборт, кесттесі, үзілісіз деген қате сөздерге әбден көзі де, еті де үйреніп кеткен болар. Бұлар жылдар бойы тұрған көше жарнамалары мен баннерлерде кездеседі.

Ең көп кездесетін „Тіл туралы“, заңның бабына мүлде сәйкеспейтін қателік ол қызмет көрсету орындарының өз жарнамалары мен жұмыс кестелерін тек бір ғана орыс тілінде жазуы. Мұндай қателік Ком-сомол даңғылы 22, 20,21,026,029 А үйлерде орналасқан „Дит“, „Думан“, дүкендерінде, „Дали“, „Мадонна“, сұлулық салондарында, „Шик“, сән ательесінде орын алған. Сондай-ақ сыртқы жарнамаға көрнекілік пен эстетикалық әдемілік талаптары да

келген комиссия мүшелеріне „Біз де әуел бастан парихмакерская деп орыс-ша жазылған, елдің бәрі оны түсінеді, келушілер көп. Сондықтан шаштараз деп қазақшалаудың қажеттігі жоқ, деген пікірін айтып, сөз таластырды. Мұндай жағдай «Көктем», «Вавилон» сауда үйлерінде де кездесті. Заң бойынша әрбір атаудың екі тілде жазылуы және оның жазылуының да тиісті тәртібі бар екенін айтқанымызбен, оған ешбір мән беріп, қабылдаған жоқ. „Орындамасақ




не болады?», деген сауал ғана қызықтырды оларды. Дегенмен, ҚР - ғы әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы Кодекстің 349-шы бабының 2-бөлімінде жарнаманы тарату тілдеріне қойылатын талаптарды бұзу заңмен айыпталатынын айтып, түсіндіруге ұмтылды. Шын мәнінде тілдер туралы және жарна-ма туралы заңды орындамағандарға қолданылатын әкімшілік жауапкершілік белгіленген. Мәселен, жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің 10-нан 20-ға дейінші мөлшерінде, ал жеке кәсіпкерлерге, лауазымды адамдарға



тілге осылайша жүрдім-бардым, айтылған жерде қалатын сөз ретінде қарайтын жеке кәсіпкерлерге заңдық талаптарды қолданып, белгіленген айыппұлды салатын болса, ешқайсысы да оған салғырт қарамас еді. Мүмкін осы айлықтың қорытындысы бойын-ша заң талаптары толық көлемінде қолданылатын болар. Қаламыздағы көше қателерінің жылдан жылға со-зылып, уақытында жөнделмей, тіпті одан сайын көбейіп жатқанына бір тоқтам болу үшін қалалық прокуратура да осы мәселеге тереңірек бойлауы қажет болар. Өйткені жоғарыда аттары аталған заңдарда „Мемлекеттік тілдің және басқа да тілдердің қолданылу салаларында олардың пайдаланылуына кез-келген кедергі келтіру, сондай-ақ деректер мен көрнекті ақпаратты орналастыру бойынша талаптарды бұзу ҚР-ның заңдарында көзделген жауаптылыққа әкеп соғады,“ деп тайға таңба басқандай жазылып тұр.

Серікгүл АЛТАЙБАЕВА





Елбасымыз өзінің Қазақстан халқына арнаған „Нұрлы жол-болашаққа бастар жол„ Жолдауында: „Жастар біздің болашағымыз, мемлекет олардың алдында барлық есіктерді, бүкіл жолды ашып берді„ деп атап көрсетті. Сондықтан олардың жемқорлық жоқ жерде таза ортада білім алуы аса маңызды. Іс жүзінде бәрі осылай ма? Білім саласына құйылатын қаражат ол табысты желешекті және тиімді өзін-өзі дамытудың кепілі. Біз балаларымызға барлық жақсылықты тілей отырып, олардың болашағынан зор үміт күтеміз. Алайда кейбір ата-аналар неше түрлі құйтырқы әрекеттерге жол береді, ал біреулер осыдан бас пайдасын күйтейді. Мектептерде түрлі мақсатқа ақша жиналатыны жасырын емес. Осы жылдар ішінде олардың түрі де, әдісі де көбейді. Мәселен, әрдайым жарна төлеп тұруға

Ел мүддесі

№ 39 - 40 (42) 16 қазан 2015 жыл



Мінсіз қоғам үшін

Еліміздің барлық оқу орындарын қамтитын білім беру жүйесі жемқорлықтың жегі құртынан біржола құтылуға тиіс. Соның ішінде қайырымдылық, қамқорлық түрінде жиналатын ақшаға да жол беруге болмайды. Бұл ойды Қарағанды облысы бойынша мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы істер жөніндегі департамент әрдайым мектеп директорларының, мұғалімдердің, ата-аналардың есіне салып келеді.

Жемқорлықсыз өмір сүруді үйренейік

тиіс болатын, жалпы мектептік қор дегендер бар. Ал біздің еліміздің негізгі заңы болып табылатын Конституцияда барлық азаматтарға тегін орта білім алу кепілдігі берілген. Сондықтан мемлекет оқу орындарын ұстауға жеткілікті қаражат бөлмейді деген сылтау мүлде негізсіз. Басты міндеті баланы оқыту, тәрбиелеу болып табылатын ұстаздар қолымен кейбір мектеп басшылары мектептің мұқтажы үшін деген сылтаумен ақша жинатады. Ал бұл іске ата-аналар да тартылады. Заң халықтың мүддесін қорғайды, сондықтан оның бұзылуы ешкімге жақсылық әкелмейді. Әсіресе сыйлықтар беруге өте мұқият болу керек. Тіпті қымбат алтын бұйымдар, тұрмыстық



техника сыйланатын кездер болып жатады. Мұғалімдер арасында жемқорлық әрекеттердің орын алуы әдеттегі іске айналып барады. Сондықтан Қарағанды облысы бойынша мемлекеттік қызмет және жемқорлыққа қарсы күрес департаменті аймақтағы білім

„Мен білгенде, мына дүниенің дидарында „Жаным-арымның садағасы„ деген сөзден артық ұлы сөз жоқ. Соны айтқан — казак.
... Бізді біріктіретін жеке бастың қамы емес, бізді ел туралы биік ұғымдар, ортақ мүдделер ғана біріктіре алады„.

Елбасы Н. НАЗАРБАЕВ

беру жүйесінде жемқорлық тәуекелділіктерін мұқият сараптап, бірқатар шаралар қабылдады. Біздің қызметкерлер Қарағанды қаласы мектептерінде өтетін ата-аналар жиналыстарына қатысып, жемқорлыққа қарсы заң ережелерін және оған байланысты қолданылатын жазалау түрлерін түсіндіруде. Мұндай түсіндірулер облысымыздың басқа да қалалары мен аудандарында жалғастырылады.

аға ұрпақ өкілдері сыбайлас жемқорлыққа төзбестік рухын балалардың бойына жас кезінен бастап сіңіре білуі керек. Сонымен бірге департамент азаматтардың құқықтық сауаттылығын және жемқорлыққа қарсы күрес мәдениет қалыптастыру мақсатында облысымыздың оқу орындарында „жемқорлыққа қарсы бұрыштар„ ұйымдастыра бастады. Оларда ақпараттық стендтер, құқықтық қатынастарға қатысушылардың міндеттері мен құқықтары, сондай-ақ өкілетті органдардың байланыс телефондары жазылған. Дер кезінде алдына алу шаралары бұл қоғамда жемқорлыққа қарсы сана-сезімді қалыптастырудың кілті. Сондықтан біз оқу орындарымен іскерлік байланыста болып, олардың жұмысы жөнінде қандай да бір ұсыныстар мен ескертулерді тыңдауға әзірміз. Департаменттің мекен-жайы: Қарағанды қаласы, Әлиханов көшесі, 12. Байланыс телефоны: 8(72-12) 91-36-78.

Ж.СӘРСЕНОВ,
Қарағанды облысы бойынша мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы істер жөніндегі департамент басшысының орынбасары, Тәртіптік кеңестің төрағасы



Халыққа қызмет

Ел сеніміне адалдық керек

Сыбайлас жемқорлықпен күрес үшін республикамызда заңнамалық база құрылған, ҚР «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» Заңы, ҚР Президентінің «Қылмыспен және сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту және Қазақстан Республикасында құқық қорғау қызметін күшейту бойынша қосымша шаралар туралы» жарғысы, және басқа да нормативті құқықтық актілер, және де экономика мөлшерін қысқартуға, экономика бағытында құқық бұзушылықпен күреске бағытталған бағдарламалар және т.б.

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қызметтердің көбісі органдардың қарым-қатынаста болатынын білдіреді. Көп азаматтарға ХҚКО — мемлекеттің беті. Азаматтардың мемлекеттік органдарға деген сенімділігі халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы қызмет көрсетуіне байланысты. Жемқорлыққа қарсы тұру біздің басты жұмысымыздың



мақсаты. Артық қиыншылықсыз мемлекеттік қызмет көрсету және жемқорлықпен күрес үшін ХҚКО-нда барлық жағдай жасалған. Осы мақсатпен бөлімде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жолдарына арналған жоспарлар бекітілген. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықтың ашылуын білу үшін бөлімде азаматтардың түсіретін шағымдарына арналған жәшік бекітілген, бөлім жетекшісі

жеке қабылдау жұмысын жүргізеді. Бөлімде «Нұр Отан» НДП және құқыққорғау органдарының өкілдерінің қатысуымен жемқорлыққа қарсы іс-шаралар тақырыбына қатысты жиындар, «дөңгелек үстелдер», семинар, дәрістер өткізіледі.

Бұл жерде бір терең қағидасы бойынша жұмыс істейді. ХҚКО-нда кішігірім жөндеу жұмыстары өткізілгеннен кейін клиенттерде мамандармен жеке сөйлесу мүмкіндігі туды, содан электронды түрде баға беруіне болады. Бөлімде мониторинг видеобақылау арқылы барлық жұмысты бақылай алады. Мемлекеттік қызметтер тізімі стандартта көрсетілген. Өздерінің лауазымдық міндеттерін атқару кезінде мемлекеттік қызмет көрсету стандартына, басқа да Қазақстан Республикасының нормативті-құқықтық актілеріне жүгінеді және «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» заңының нормаларын сақтайды.

С. АҚТӨРЕЕВА,
халыққа қызмет көрсету орталығы Теміртау қалалық № 1 бөлімінің басшысы



Саясаттың басым бағыты

Сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық мемлекеттік органдардың басты міндетінің бірі болып табылады. Қылмыстың бұл түрінің қоғамымыздың барлық саласына тамыр жайып кеткені жасырын емес. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі» деп көрсетті. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңға сәйкес мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың, сондай-ақ, соларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттігін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып, не мүлдіктік пайда алу үшін олардың өз өкілеттіктерін өзгеше пайдалануы, жеке өзі немесе делдалдар арқылы заңда көзделмеген мүлдіктік игіліктер мен артықшылықтар алуы, сол сияқты бұл адамдарға жеке және заңды тұлғалардың аталған игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы беруі арқылы оларды сатып алуы «сыбайлас жемқорлық» деп ұғынылады.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңы ең пәрменді заңдардың бірі болып табылады. Бұл заң осы бірнеше жыл ішінде жоғары маңызға ие болып, мемлекеттік қызметшінің күнделікті пайдаланатын оқу құралына айналып отыр. Заңның ең басты құндылығы, ол азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіптен сақтауға, сондай-ақ жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, тыю және ашу жолында мемлекеттік органдардың қызметін қамтамасыз етуге бағытталған.

Назым АТАБАЕВА,
Теміртау қалалық әділет басқармасының бас маманы



Ел жаңалықтары

Мұғалім беделі біліктілігіне байланысты

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Білім және ғылым министрі Аслан Сәрінжіповті қабылдады, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Кездесу барысында А.Сәрінжіпов Мемлекет басшысына білім беру жүйесінің дамуы және жаңа оқу жылына орай жүргізілген дайындық жұмыстары туралы баяндады.

Қазақстан Президенті әлемдік экономикадағы дағдарысқа және бюджет шығыстарын азайтудың мәжбүрліктен туған шараларына қарамастан, білім беру саласына бөлінетін қаражаттың қысқартылмайтынын атап өтті.

Нұрсұлтан Назарбаев мектепке дейінгі мекемелер инфрақұрылымын мемлекет пен жекеменшіктің серіктестігі негізінде дамыту қажеттігін де атап көрсетті.

Мемлекет басшысы мұғалім мәртебесін көтерудің және еңбекақы өсімін оның біліктілік деңгейімен сәйкестендірудің маңыздылығын айтты.

Қазақстан Президенті орта білім саласында Назарбаев зияткерлік мектептерінің тәжірибесі негізіндегі жаңартылған білім беру үдерісіне көшкен жөн екеніне назар аударды.

Нұрсұлтан Назарбаев кадр даярлау мәселесіне жұмыс берушінің араласу аясын кеңейту мәселесін техникалық және кәсіптік білім берудің негізгі бағыты ретінде атап өтті. Сонымен қатар, ғылым саласындағы зерттеулер нәтижесін өндіріске енгізу ісіне ден қойылу керектігі айтылды.

А.Сәрінжіпов оқу үдерісін ұйымдастырудың қазіргі ахуалы жөнінде баяндап берді.

– Биыл елде 7,5 мыңнан астам мектеп 2,6 миллион оқушыға есігін ашты. Бірінші сыныпқа 345 мың оқушы барды, бұл былтырғы оқу жылына қарағанда 15 мыңға артық. 2015 жылы 173 мектеп пайдалануға берілді, 250 мектепке күрделі жөндеу жүргізілді. Барлық мектеп оқулықпен қамтамасыз етілді, – деді Білім және ғылым министрі.

А.Сәрінжіпов балалардың мектепке дейінгі білім беру бағдарламасымен қамтылуы 84 пайызға жеткенін, бес жыл бұрын бұл көрсеткіш небәрі 30 пайыз болғанын айтты.

Сондай-ақ, педагогтардың білімін жетілдіру және экономика үшін қажетті мамандар даярлау мәселесі де қарастырылды.

– Соңғы екі жылда 123 мың мұғалім түрлі білім жетілдіру курстарынан өтті. Биылдан бастап озық 10 колледж бен 10 жоғары оқу орнында мақсатты түрде индустрияландыру бағдарламасы үшін кадр даярлау ісі қолға алынды, – деді А.Сәрінжіпов.

Кездесу соңында Қазақстан Президенті бірқатар нақты тапсырма берді.

Жол жайында не жаңалық?

Орталық коммуникациялар қызметінде «Нұрлы Жол» бағдарламасы аясында автокөлік жолдарын салу мен қайта жаңғырту тақырыбына арналған баспасөз мәслихаты болып өтті.

Онда сөз алған Инвестициялар және даму министрлігі Автокөлік жолдары комитеті төрағасының орынбасары Амангелді Беков 2020 жылға дейін 30 мың шақырымнан астам автокөлік жолдарын жөндеу жұмыстарымен қамту көзделініп отырғандығын, сөйтіп осы уақыт аралығында жолдардың 81 пайызының жағдайы жақсартылатындығын мәлімдеді.

Оның баяндауы бойынша, «Самара – Шымкент», «Астрахан – Атырау – Ақтау – Түрікменстан шекарасы», «Алматы – Қарағанды – Астана – Петропавл – Ресей Федерациясының шекарасы», «Ташкент – Шымкент – Тараз – Алматы – Қорғас», «Омбы – Павлодар – Майқапшағай», «Астана – Қостанай – Челябин», сондай-ақ, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» секілді негізгі халықаралық дәліздерді салу және қайта жаңғырту жұмыстары осы мерзімде аяқталып болады. Осындай жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде транзит жүктердің көлемі 3,5 миллион тоннаға дейін артып, жүк тасымалдау ауқымы 2,5 есеге өседі деп күтілуде. Сөйтіп, Қазақстан Қытай, Ресей және Орталық Азия елдерінен көлік ағынын тартушы орталықазиялық транзиттік дәліз ретіндегі өз орнын бұрынғыға қарағанда әлдеқайда нығайта түсетін болады.

Орталық коммуникациялар қызметіндегі баспасөз мәслихатында «ҚазАвтожол» ҰК басқарма төрағасының орынбасары Ұлан Әліпов республикалық маңызы бар автокөлік жолдарының бойындағы сервистік қызметтерді дамыту бағдарламасын қабылдау мерзімі жеделдетілетіндігін жеткізді. Оның айтуы бойынша, 2020 жылға дейінгі мерзімге арналған бұл бағдарлама әзірленіп, Үкіметтің қарауына тапсырылған. Осы құжат бойынша жолдар бойында 200 сервистік қызмет нысаны салынады. Сөйтіп, екі мыңнан астам жергілікті тұрғындар жаңа жұмыс орындарымен қамтамасыз етіледі. Екінші жағынан алғанда, мұның өзі халықаралық көлік ағымдарында Қазақстан жолдарының тартымдылығын арттыратын болады.

Ұлан Әліпов сондай-ақ, Қазақстанда 2020 жылға дейін 7 мың шақырымға тарта автожолдар ақылы болатындығын мәлім етті. «Жоспар бойынша 2020 жылға дейін республикадағы 7 мың шақырымға жуық жолдарды ақылы негізге өткізуді қарастырудамыз. Келесі жылы екі учаскеде – «Астана-Атбасар» және «Қызылорда-Шымкент» учаскелерінде ақылы негізде қызмет көрсетуді енгізу көзделуде», – деді ол.

Ұ. Әліповтің сөзіне қарағанда, «Астана-Атбасар» жолында тек жүк көліктерінен ақы алынса, «Қызылорда – Шымкент» жолы барлық көлік түрлері үшін ақылы болады деп күтілуде.

Сондай-ақ, Орталық коммуникациялар қызметінде өткен осы баспасөз мәслихатында ақылы жолдарда жүру үшін абоненттік төлем тәртібін енгізу бағдарламасы әзірленіп жатқандығы айтылды. Бұл әрбір жүрген жол үшін қолма-қол төлеп жатқаннан әлдеқайда тиімді болатындығы түсінікті. Сондықтан аталған бағдарлама бойынша жеңіл көліктер үшін жылдық, жартыжылдық және тоқсандық абоненттік төлемдер тәртібін енгізу қарастырылып жатқан көрінеді.

(«Егемен Қазақстан» газетінен)



«Алтын күз» айшықтары



Қазақ хандығына 550 жыл

Биылғы жылдың айтулы мерекелерге толы болғаны белгілі, солардың қатарында өткен аптада ғана кең көлемде тойланған Қазақ хандығының 550 жылдығы. Осыған орай және туған қаламыздың 70 жылдығына арналған „Алтын күз,, кроссы болып өтті. Салауатты өмір салтын серік еткен теміртаулықтар мен жеңіл атлетикашы спортшылар 10 қазан күні қалалық саябақта сапқа тұрып, жарыс жолына түсті. Желаяқтар қатарында балалар да, орта жастағылар мен алдыңғы толқын-зейнеткерлер де көп болды.


– Салауатты өмір салтын ұстану - ауру-сырқаусыз ұзақ ғұмыр кешудің кепілі, сондықтан спортпен достасып, шымыр денелі, сергек көңіл-күйде болу үшін осындай шараларға қатысудың маңызы ерекше. Мен биыл екінші рет қатысып, өзімнің спорттан әлі де қол үзбей жүргенімді дәлелдедім,- дейді жарыс жеңімпазы Светлана Кравченко.

Оның бұлай деуінің де өз сыры бар, үнемі той-томалақта асабалық жасайтындықтан сергек жүрудің маңызын жақсы түсінеді.

„Алтын күз,, кроссында есімдері елге белгілі спортшылармен қатар мүмкіндігі шектеулі жандар да қатысып, өздерінің қоғаммен біртұтас

екендігін аңғартты. Сөйтіп, отызға жуық мүмкіндігі шектеулі жандар жарысқа қатысып, олардың арасындағы ең жас жеткіншек Кирилл Бабич жүлделі орынды жеңіп алды.

Бұл жарысқа қаламыздағы арнаулы орта білім беретін колледждердің студенттері де бір адамдай қатысып,



істердің ұйытқысы болып келеді. Жеңіл атлетикадан басқа да спорт түрлерін жолға қойып, тіпті саяхаттар мен жаттығулар жасап, балық аулап дегендей жұртшылықтың бос уақыттарын тиімді іспен айналысуға жұмылдырамыз. Бұл өз кезегінде қарттардың бір-бірімен шүйіркелесіп, бір жасап қалуына ықпал етсе, жастардың темекі, ішімдік секілді жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстауларына, есесіне спортпен дос болып, көпшілікпен араласып, ортақ мүдде жолында өздерінің дұрыс жолда жүрулеріне бағыт береді,-дейді төреші және ұйымдастырушы Ярослава Косулина.

„Алтын күз,, кроссында 5-10 жас аралығындағы ең кішкентайлар тобында бірінші орынды Лиза Коший иемденсе, 10-14 жас арасында Евгений Коший, 14-18 жастағылардан Эдуард Жүнісов, 18-30 жастағылар арасынан Саят Қабдулла мен Айзада Орынбай жеңімпаз атанды. Ал ересектер арасында, яғни 30-50 жастағы тұрғындардан Светлана Кравченко алдына жан салмады. Сондай-ақ 50 жастан жоғары топтағылар арасында Евгений Гудович желаяқ атанып, қатарластары алдында оның мерейі үстем болды.

Р. ЖАҚЫПҚЫЗЫ



Тұрғындар назарына

Жалған жарнама

Ақпараттық порталдарда қазақстандықтарды зейнетақымен қамтамасыз етуде өзгерістер болатыны жөнінде жалған жарнама шығып жүр. Бүкіләлемдік Google. com іздестіру серверінен бірқатар ақпараттық порталдарда қазақстандықтардың зейнетке шығатын жасы өсетіні және зейнетақы төлеу кейінге қалдырылатыны жөнінде пайда болып жатқан ақпараттық баннерлердегі хабарлар шындыққа жанаспайды. Бұл ақпараттың негізгі көзі Ресей Федерациясында тіркелген



www.zhipol.ru сайт болып табылады. Аталған сайт интернет трафикті көбірек тарту үшін ойлап табылған уақытша автоматтандырылған жарнамалық алаң. Ол 2014 жылы 26 қазанда құрылып,

2015 жылы 26 қазанда өзінен-өзі жойылған. Ал осы сайтта орналастырылған ақпараттар белгісіз бір көздерден алынған, сондықтан шындық деп есептелінбейді. Осыған орай ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетіне тиісті шаралар қолдану жөнінде хат жазды. Осы ретте Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің шын әрі жедел хабарлары оның ресми мына <https://www.mzsr.gov.kz>. веб-сайтында орналастырылатынын хабарлаймыз.

Ішкі саясат бөлімі

19 қазан, дүйсенбі	20 қазан, сейсенбі	21 қазан, сәрсенбі	22 қазан, бейсенбі
